

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

## АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

IV том

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2015

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

А 13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетті филология, өдебиеттану және өлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және*

*Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

*(№6 хаттама 26 маусым 2015 жыл)*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеттің жаңындағы*

*Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

### **ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС**

Ж. Дәдебаев (төраға), Ә. Әбдіманұлы, З. Бисенгали, Т. Есембеков, Б. Жакып,

А. Жақсылықов, Қ. Мадібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейтжанов, Ә. Тарак,

А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының жетекшісі), И. Әзімбаева (жауапты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

### **Пікір жазған**

филология ғылымдарының докторы, профессор **Қ.Қ. Мәдібаев**

### **Жалпы редакциясын басқарған**

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

### **Құрастырып, түсініктерін жазғандар:**

П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

### **Жауапты редактор**

филология ғылымдарының докторы, профессор **Б. Жакып**

**А 13 Абайтану.** Таңдамалы еңбектер. IV том. Ойлар мен толғаныстар /  
құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ; жауапты ред. Ә. Тарак; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Ал-  
маты: Қазақ университетті, 2015. – 279 б.

**ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)**

**ISBN 978-601-04-1285-9 (IV том)**

Абайтану ғылыми бойынша жарық көріп отырған таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішшүү Назарбаевтың «Абай тұралы сез» толғауымен ашылған. Төртінші томға абайтану саласында 1960 жылдан 1980 жылға дейін жарық көрген, уақыт сыйнан еткен, ғылыми қауым мен көшпіліктен лайықты бағасын алған зерттеулер мен макалалардың таңдамалылары енген.

Кітап орта мектептің жоғары сыйнап оқушылары мен жоғары мектепте білім алушы жастарға, ғылым мен білім, мәдениет мамандарына, мемлекет қызыметкерлеріне, сондай-ақ калын көшпілікке арналған.

IV томға енген таңдамалы еңбектер елдін ынтымалы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық, әлеуеттің артуына, когамдық сананың дамуына ықпал етеді.

Том «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

**ӘОЖ 821.512.122.0**

**КБЖ 83.3(5Каз)**

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1285-9 (IV том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жаңындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2015

Сапар Байжанов

## АБАЙҒА ҚАТЫСТЫ КЕЙБІР АРХИВ ДЕРЕКТЕРИ

Еліміздің архив қазыналарын нысаналы мақсатпен, мұқият зерттеген күнде Абай жайлы архив документтері әлі де болса көптеп табылуы мүмкін. Айталақ, соңғы жылдарда филология ғылыминың кандидаты Б. Асылжанов Ленинградтағы СССР тарихы архивінен Абайдың 1898 жылғы оқиғаға байланысты сенатқа жазған хатын тапқаны жайында баспасөз бетінде жария етті («Қазақ әдебиеті» газеті, 1981 жылғы 24 апрель). Издестірген күнде мұндай ғылыми құнды деректер Ленинградтан да, Москвадан да, Омбыдан да, Ташкенттен де, Алматы мен Семейден да, басқа қалалардан кездесетініне шек қоюға болмайды.

Біз төменде тек Қазақ ССР Мемлекеттік архивінде сақталған Абай өмірінің соңғы кезеңі яғни 1903 жылғы бірер оқиға төңірегіндегі архив документтерін оқырман жүртшылық назарына ұсынып отырмыз.

Ақмола облысы әскери губернаторының 1903 жылды 8 априльде Семей губернаторына берген телеграммасы

Косшығуловтан почта қолхаты табылды. 1902 жылды 6 июнь Батовскіде Сәдуақас Шормановқа, Зайсанда Кенчиновке, 1903 жылды 7 март Семейде Құнанбаевқа.

Тінту жүргізу керек.

Романов<sup>2</sup>

### Протокол

*Семей полицмейстерінің 1903 жылғы  
11 априльде жазған протоколы*

1903 жылғы априльдің 11 күні.

Семей полицмейстерінің істерін атқарушы Семей облысы

<sup>2</sup> Бас штабтың Ақмола облысындағы әскери генерал губернаторы, генерал-майор. Қазақ ССР ОМА, 359-қор, 1-тізім, 871-іc, 192-бума 35-парақ

әскери губернаторы мырзаның биылғы 10 апраельдегі №97 жолдауы бойынша жергілікті пошта-телеграф конторында Ақмола облысынан биылғы 7 мартта Құнанбаевтың атына жіберілген заказды хат жайын анықтап білдім, сондағы анықталғаны: 14 марта Ибрагим Құнанбаевтың атына Көкшетаудан №802 заказды хат келіп түскен де, таяу күндерде табыс етуге 18 марта Арқатқа жеткізілген. Бұл адресатқа осындай фамилиямен түскен басқа хат жок. Қаулы етілді: осы жайында мына протоколға жазып қою.

Кол қойған полицмейстер істерін атқарушы Бухартовский.

*Қазақ ССР ОМА, 369-қор, I-тізім,  
871-іс, 192-бума, 144-парап.*

Семей оязының 1903 жылғы 25 апраельде Абай (Ибрагим Құнанбаевтың) үйінде жазған қаулысы

### Қаулы

1903 жылғы апраельдің 25 күні. Мен, Семей уезінің бастығы Навроцкий, Семей облысының әскери губернаторы өз хұзырының 1903 жылғы 18 апраельдегі № 111 тапсырмасын орындаپ, Шыңғыс болысының қазағы Ибрагим Құнанбаевтың аулына келдім және губернатор мырзаның жоғарыдағы тапсырмасына сәйкес Құнанбаевтың қыстауы мен киіз үйлерін мұхият тінтідім және Құнанбаевтан нақосы сәтте онын үйінде болған балалары Мағауия мен Тұрағұлдан табылған корреспонденцияны тұтқыннадым және әлгіні Шыңғыс болысының болысы Рызықбай Құдайбердин мен уезд басқармасының хат жүргізуші Оспанов сияқты куәлардың көзінше арнаулы пакетке салып, Семей уезі басқармасы мен Шыңғыс болысының мөрлөрімен қаттап бекіттім және пакетті ішіндегі корреспонденциясымен Әскери губернатор мырзаға тапсыруға қаулы еттім. Ибрагим Құнанбаевты тінту кезінде мениң оған қойған Көкшетаудан әлдекандай корреспонденция алған жоқсыз ба деген сұрағыма Құнанбаев былай жауап берді, биылғы қыста осыдан екі ай шамасы бұрын Көкшетаудан белгісіз біреуден заказды хат алғаным бар, жауап хатынызды Зайт Башировтың

атына жазарсыз депті. Белгісіз адам хатында Семей облысының құрметті қазағы есебінде Құнанбаевтан өкімет орындарының алдында қазактардың мұсылман діні жиналышын құру туралы мәселе көтеруіне жәрдем етуін сұрапты.

Сол хатты маған беруін талап еткенімде Құнанбаев оны бұдан екі күн бұрын өзінің ұлы Тұрағұлға бергенін айтты. Осы арада тұрған ұлына әкең берген хат қайда деп сұрақ қойғанымда, ол бұл хатты Шыңғыс болысының болыснайы Рызықбай Құдайбердинге бергенін айтты, тінтіп қарағанда хат соңғысының бешпетінің қалтасынан табылды. Бұл хат тінту кезінде Құнанбаевтан табылған барлық корреспонденциялармен қосылып, бір пакетке қатталды. Ибрагим Құнанбаевтың ұлы – Тұрағұл Ибрагимовтен жауап алғанымызда, ол әкесінен алған хатты жуырда Шыңғыс болыснайына өзге бір мақсатпен емес, «шылым орауға» бергенін, өйткені оның әкесі де, өзі де бұл хатқа пәлендей мән бермегенін айтты. Ибрагим Құнанбаевта Көкшетаудан келген хаттың конверті сақталмаған.

Жоғарыда айтылғанды осы актіге жазып қоюға қаулы етіліп, қатысуышыларға бұған қол қою ұсынылды, Бұл акті қатысуышыларға оқып берілді және тінту кезінде Құнанбаевтан алынған корреспонденция олардың көзінше қатталып, бекітілді...

Семей уезінің бастығы

Навроцкий, Ибр. Құнанбаев, Магауия Ибрагимов,

Тұрағұл Құнанбаев, болыс Рызықбай Хұдайбердин (қолдары бар)

Казак ССР ОМА, 369-қор, I тізім,  
871-ic, 192-бума, 145-146-парақ.

Дала генерал-губернаторы статс-советнігінің 1903 жылғы 16 майда Омбыдан Петербургке берген № 2599 телеграммасы

Петербург, Сергиевская 63  
Дала генерал-губернаторы мырзага.  
Омбыдан, 1903 жылғы 16-май

2 майдағы қатынас қағазымен Семей губернаторы Көкшетаудан Қосшығұловтың жетінші марта Ибрагим Құнанбаевтың

атына жіберілген хаты, хабарға қарағанда әлі тимеген және Арқат почта-телеграф конторында жатқанын хабарлайды. Әлгі хатты бер дегенде почта-телеграф бас басқармасының бастығы 868 нөмерлі телеграммасымен почта округінің бастығы арқылы Уставтың 368, 1035-статьяларына сүйеніп, рұқсат етпеді.

Осыны мәлімдей отырып, Құнанбаевтың атына келген Арқат конторында сақтаулы хатты ашу жөнінде Министрдің алдында мәселе қоюынызды бек өтініп сұраймын Абаза.

*Қазақ ССР ОМА, 369-қор, 2-мізім, 871-ic, 192-бума, 147-парақ.*

Дала генерал-губернаторының 1903 жылғы 21 июньде Семей әскери губернаторына жолдаған № 3019 хаты

Өлкенің Бас бастығы мырзаның бұйрығы бойынша генерал-губернатор кеңесі Сіздің хұзырыныздан Дала генерал-губернаторының 1903 жылғы 21 майдағы № 356 телеграммасы бойынша Ибраһим Құнанбаевтан Арқат почта-телеграф конторы арқылы жіберілген Көкшетау қаласынан Шәймерден Қосшығұловтың хатын алу туралы іске байланысты не істелгенін негұрлым қысқа мерзімде хабарлауды бек өтініп сұрайды.

*Кеңсе басқаруышы Лосевский Сонда, 126-парақ.*

Семей облыстық әскери губернаторының 1903 жылғы 10 иульде Дала генерал-губернаторына жолдаған № 169 хаты

Биылғы жылғы 21 июньдегі № 3019 қатынас қағазға байланысты Ибраһим Құнанбаевқа Арқат почта-телеграф станциясы арқылы Шәймерден Қосшығұловтан түсken хатты Құнанбаев осы үшін Арқатқа командировкаға келген Семей уезінің бастығына өз ықтиярымен бергенін мағлұм етуді үрей көремін. Бұл хатты, конвертімен қоса, мен биылғы 3 июньдегі № 151 қатынас қағазben Ақмола облысының Әскери губернаторы мырзага жолдадым.

*Губернатор істерін атқаруушы  
(Қолы анық емес). Сонда, 144-парақ.*

Дала генерал-губернаторының 1903 жылғы I августе Ницкевичке жолдаған № 124 хаты

Мархабатты тақсыр Николай Федорович. Өз хұзырыныздың менің кеңсеме биылғы июльде жолдаған № 169 қатынас қағаздан Шәймерден Косшығуловтан қазак Ибрагим Құнанбаевқа жіберілген хат хақында аталмыш хатты Құнанбаевтан алғып алу үшін өзініз командировкаға жіберген Семей уезінің бастығы Навроцкийге менің алғысымды жариялауды Сізден сұраймын.

Сонымен бірге Сіздің Хұзырыңыздан Құнанбаевтың өз басы жайында мүмкін байыпты мағлұматтар жинастырып, маган жеткізуінде сұраймын.

Аса құрметтейтінімді һәм берілгендігімді сеніммен қабыл алыңыз. Қол қойған Николай Сухотин.

*Сонда, 146-парап.*

Дала генерал-губернаторы кеңесінен 1903 жылғы 10 октябрьде Көкшетау оязына жолдаған № 2004 хат

Осылымен Семей губернаторының 1903 жылғы 3 июньдегі № 151 хабарының түпнұсқасын, Құнанбаевтың атына жазылған хатты және аудармасын қоса жолдай отырып, шұғыл түрде жауап алып, нәтижесі мәлім етілсін.

Айрықша тапсырмалар жөніндегі чиновник Яхонтов

*Сонда, 281-парап.*

Дала генерал-губернаторы кеңесінің Ибрагим Құнанбаевқа келген хат жайында протоколы

Семей әскери губернаторының 1903 жылғы 2 майдағы № 132 хабарына қоса жіберілген, қырғыз Ибрагим Құнанбаев пен Шыңғыс болыснайы Рызықпай Худайбердинді тінткенде табылған корреспонденция салынған айрықша пакетті қарап көргенде татар тілінде былай деп (аударма бойынша) басталатын конвертсіз хат табылды: «Ассалаумагалейкум, аса мәртебелі, құрметті, барша жұрт сыйлайтын Ыбрай Мырза, хаттың ортасында «халық

атынан берілген өкілеттік күшімен біздің шаригат бойынша сенімізді қорғау жөнінде ұсыныстар жасауға право берілетіні жайлы сайланған адамның сенімдітері» бар екені көрсетіліп хат былай деген жолдамамен аяқталады: «Ақмола облысының Көкшетау қаласында қырғыз мешітінің жанындағы мектеп, Зихта немесе Зиядаға, біз сонда аламыз». Бұл хаттың қырғыз халқын дүрліктіру туралы насихатқа қатысы бар деп тауып, оны және қалған корреспонденцияны тек қана үй іші, семья арасында жазысқан хаттар ретінде № 132 пакеттен алып, өз иелеріне кері қайтару үшін қалдыру қажет деп саналсын.

Айрықша тапсырмалар жөніндегі чиновник (қолы)

25 октябрь 1903 жыл. Қазақ ССР ОМА, 369-қор, I-тізім, 871-ic,  
192-бума, 289-парақ.

Семей облысы әскери губернаторы кеңесінің Семей қаласының полицеймейстеріне 1903 жылғы 10 апрельде жолдаған № 97 хаты

Ақмола облысынан үстіміздегі жылдың 7 мартауда Семей қаласына Құнанбаевтың атына заказды хат жөнелтілді. Құрметті Сізге хаттың нақ қай Құнанбаевтың атына жолданғаны жайлы Семей почта-телефраф конторынан анықтап алып, дереу оның, хат жолданған адамның, үйінде прокурорлық қадағалау жүргізетін адамның бақылауымен кенеттен тінту жүргізуіді, Құнанбаевтағы барлық хаттарды түгелдей алуды және сол сәтте-ақ оларды тінту протоколымен қоса маған табыс етуді ұсынамын.

Қазақ ССР ОМА, 15-қор, 2-тізім, 399-ic, 153-бума, 28-парақ.

Семей облысы әскери губернаторы кеңесінің Семей почта-телефраф конторының бастығына 1903 жылғы 10 апрельде жолдаған № 96 хаты

Мен Семей полицмейстеріне Сіздің мекеменізде Ақмола облысындағы почтага үстіміздегі жылдың 7 мартауда өткізілген заказды хаттың онан Семейде нақ қай Құнанбаевтың атына қабылданғанын анықтауды тапсырдым.

Осы айтылғанды хабарлай отырып, Сіздің мархабатыңыздан өзім саяси іс жөнінде тексеру қарекетін жүргізуі тапсырған Семей полицмейстеріне оның қажетті анықтаманы кідіріссіз алуына жәрдемдесуді өтінемін.

*Сонда, 29-нарақ.*

Семей облысы әскери губернаторы кеңессінің Семей оязына 1903 жылғы 18 апрельде жолдаған № 111 хаты

**Мұлдем құпия**

Ақмола облысының Қекшетау қаласынан үстіміздегі жылдың 7 мартаңда Семей қаласына Ибрагим Құнанбаевтың атына заказды хат жөнелтілді, ал осыдан кейін Семей пошта-телефон конторы 18 марта бұл хатты Арқат пошта-станциясына жеткізген.

Казір қырғыз халқының арасында үкіметке қарсы пікір-әрекеттердің таратылуы жөнінде жүргізілген тексеруге және жоғарыда айтылған хаттың, сондай-ақ жалпы алғанда Ибрагим Құнанбаевқа келетін хаттардың мазмұнын анықтау қажеттігіне байланысты, сіздің мархабатыңыздан, Ертіс өзені арқылы өткел салынып болысымен-ақ дереу осы аталған Құнанбаев тұратын жерге аттануды, онда мұқият тінту жүргізуі, бұл жөнінде прокурорлық қадағалау жүргізетін адамға хабарлауды және Құнанбаевтан алынған барлық хаттарды маған табыс етуді ұсынамын.

*Сонда, 42-нарақ.*

Семей полицмейстерінің Семей облысының әскери губернаторына 1903 жылғы 11 апрельде жолдаған № 48 рапорты

**Құпия**

Осы жылғы 10 апрельдегі № 97 жарлықты орындаі отырып, Сіздің хұзырыңызға жоғарыда айтылған жарлыққа сәйкес жасалған протоколды табыс етемін.

*Сонда, 43-нарақ.*

## Протокол

1903 жылы 10 апрель күні Семей полицмейстері міндетін атқаруышы Семей облысы әскери губернаторы мырзаның осы жылғы 10 апрельдегі № 97 ұсынысына байланысты, жергілікті почта-телефон конторында осы жылға 7 марта Ақмола облысынан Құнанбаевтың атына жөнелтілген заказды хат туралы анықтама алдық, болай болған: Қекшетаудан Ибрагим Құнанбаевтың атына жіберілген № 802 заказды хат 14 марта алынған және 18 марта иесіне беруге ен жакын жер Арқатқа жеткізілген. Адресатқа және осындай фамилиясы бар адамдарға арналған басқа хаттар табылмады. Қаулы еттік: бұл туралы осы протоколға енгізілсін.

*Полицмейстердің міндетін атқаруышы  
(қолы)*

Анықтама. Шыңғыс болысының қырғызы болып аталатын Ибрагим Құнанбаев өзі тіркелген орында тұрады, бұл туралы осы жылғы 10 апрельдегі баяндау хатта айтылды.

Сонда, 44-парап.

Семей облысының әскери губернаторына Семей полицмейстерінің 1903 жылғы 10 апрельдегі баяндау хаты

Сіздің өзініздің жарлығының жөнінде Сіздің Хұзырыныңға мынаны баяндағым келеді: Құнанбаев деген фамилиядағы қырғыздардан Семей қаласында 1-кластың гимназисі 12 жасар Нұғымат деген бар, ол Шыңғыс болысының қырғыздарынан шыққан. Оның туысқаны Ибрагим Құнанбаевтың қырғыздар арасындағы ықпалы зор және ол сол болыста тұрады. Тағы бір Құнанбаевтар 2-ші бөлім ауданындағы Өрттіебедегі Жансепеіс Жансариннің ауылында тұрган, ал қазір Өскемен уезінің Шар болысындағы Бесқұм деген жерге көшкен. Олар әр түрлі сұлтау тауып, мұнда жиі болып тұрады. Олардың көшіп барған ауылы осыдан 80 шақырым жерде. Соңғы Құнанбаевтар да қырғыздардың арасында ықпалды және беделді.

*Полицмейстердің міндетін атқаруышы (қолы)  
Сонда, 45-парап.*

Семей облысының әскери губернаторына Семей оязының  
1903 жылғы 27 апельде жолдаған

№ 48 құпия рапорты

Сіздің 1903 жылғы 18 апельдегі № 111 ұсынысыңыз жайында хабарлаймын: Ертіс өзені арқылы өткел 23 апельде калпына келтірлген сәтте-ақ мен Шыңғыс болысындағы Құнанбаевтың аулына аттандым, онда 25 апельде күндізгі сағат 12-де келіп, сол болыстың қырғызы Ибрағим Құнанбаевтың қыстауында да, сондай-ақ оның өзінің және балалары Мағауия мен Тұрағұл Ибрағимовтардың қыстакқа жақын жерге орнатылған үш киіз үйінде мұқият тінту жүргіздім. Тінту кезінде Құнанбаевтың және Ибрағимовтардың толып жатқан сандықтарынан, үй-жайларынан табылған барлық хат-қағаздарды тартып алдым.

Осыған қосылған, айрықша мұқият жабылған, Семей уезі басқармасының және тінту кезінде куәгер ретінде қатысу үшін өзім шақырған Шыңғыс болысының мөрлері соғылған пакетке салынған бұл қолжазбалар мен хаттарды құпия іске және осы жөніндегі көптеген қаулыларға қосып Сіздің Хұзырынызға жолдап отырмын.

Пакетке салынған хат-хабарлардың ішінде Көкшетаудан келген, Ибрағим Құнанбаевқа беймәлім адамның Семей уезінің қырғыздарын да Ақмола облысындағы осындейлардың қырғыздар үшін мұсылман Мухамбет дінінің айрықша жиынын құру жөнінде үкімет алдында жасаған ұсынысын қолдап, мәселе көтеруді өтінген бір хаты бар.

Құнанбаевтың берген түсініктемесіне қарағанда, ол беймәлім адамнан келген бұл заказды хатты мұнан 2 ай бұрын Арқат почта бөлімшесінен алған да, сонсоң осыдан екі күн бұрын, яғни 23 апельде Құнанбаев ол хатты өзінің ұлы Тұрағұлға берген, ал ол оны Шыңғыс болысына «шылым орауға» берген. Менің нақ осы жерде тұрган болыс Рызықбай Құдайбердинге: Тұрағұлдан хат алдың ба, егер алсан, ол қазір қайда және оны маған дереу бер деген сұрағыма, Құдайбердин, сірә, сасқалақтап, менің сұрауымды түсінбегенсіп, мұләйімси қалды да, тілмаш арқылы: – Немене? Қандай хат? Ол неге керек? – деген сияқты сұрақтар

қойды. Мұндағы түсінбегенсіп, мұләйімсүін тыйым да, болыстың өзін тінтіп, оның киіп жүрген ішкі бешпетінің қалтасынан қажетті хатты тауып алды. Бұл хаттың Құдайбердиннен табылу себебін мен былайша түсінемін: Құнанбаевтың ұлы Тұрағұл басқа жаққа шығуына мен тыйым салған өз әкесі қыспаққа түскенде Көкшетаудан хат алғанын мойындауға мәжбүр болады деп ойламай, менің басқа бір нәрсемен айналысып жатқандағы сәтімді пайдаланып, хатты тығып қою үшін жасырын түрде болысқа берді, мұнда ол мені қызмет адамын, оның үстіне бұл күәгер ретінде шақырылып отырганда тінте қоймас деп үміттенді. Ақыр соңында болыс та мұнан 2 күн бұрын өзіне Тұрағұлдың «шылым орауға» хат бергенін раастады, бірақ бұл түсініктемеге, менің пікірімше, ешбір сенуге болмайды.

Корытындысында, Сіздің Хұзырыңызға мынаны баяндаймын: Көкшетаудан 1903 жылы 7 марта Ибрахим Құнанбаевтың атына жолданған және Семей поча конторы оны иесіне табыс ету үшін Арқат почта станциясына жөнелткен хатты мен Арқат почта бөлімшесінің бастығынан 22 апрельде алған телеграммаға қарағанда, Құнанбаев әлі де алған жоқ және біз оны айрықша жарлық алғанша ұстай тұрамыз. Бұл хатты талап ету туралы Сіздің Хұзырыңыздың нұсқауын сұраймын.

Уезд бастығы Навроцкий (қолы)  
Сонда, 52, 70-парақтар.

## Көшірме

## Қаулы

1903 жылы 25 апрель күні мен, Семей уезінің бастығы Навроцкий, Семей облысының әскери губернаторы Хұзыры мырзаның 1903 жылғы 18 апрельдегі № 111 ұсынысын орындау үшін Шыңғыс болысының қырғызы Ибрахим Құнанбаевтың аулына келдім және губернатор мырзаның жоғарыда айтылған ұсынысына сәйкес Құнанбаевтың қарамағындағы қыстау мен киіз үйлерде мұқият тінту жүргіздім, Құнанбаевтан және оның балалары Мағауия мен Тұрағұлдан табылған хат-хабарларды тартып алып, оларды күәгерлер: Шыңғыс болысы Рызықбай

Құдайбердин мен Уезд басқармаларының хат жүргізушісі Оспановтың көзінше айрықша пакетке салып, Семей уезі басқармасының және Шыңғыс болысының мөрлерімен бекіттім, хат-қағаздар салынған пакетті Әскери губернатор мырзаның Хұзырына табыс етуге қаулы шығарды. Ибрагим Құнанбаевта тінту жүргізген кезде одан Көкшетаудан қандай да болса хат алдыңыз ба деп қойған мениң сұрағыма Құнанбаев биылғы қыста, мұнан екі айға жуық уақыт бұрын Көкшетаудан беймәлім адамның жауап хатты Зеит Башировтың атына жолдауды өтінген заказды хатын алдым деп жауап қайтарды. Беймәлім адам бұл хатта Семей уезіндегі қадірменді адам ретінде Құнанбаевтың қырғыздары айрықша мұхамбет діни жиынын құру жөнінде өкімет орындары алдында ұсыныс жасап мәселе көтеруге өз жәрдемін көрсетуін сұраған. Менің сол хатты маған бер деп қойған талабыма Құнанбев ол хатты мұнан екі күн бұрын өз ұлы Тұрағұлға бергенін айтты. Нақ сол жерде тұрған оның ұлынан өзінде әкен берген хат қайда деп сұрағанымда, ол мұны Шыңғыс болысы Рызықбай Құдайбердинге бергенін айтты, ал ол тінту кезінде соның қалтасынан табылған болатын. Бұл хат тінту кезінде Құнанбаевтан табылған өзге хат-қағаздарға қосылып жалпы пакетке салынды. Ибрагим Құнанбаевтың ұлы Тұрағұл Ибрагимовтан сұрағанымызда ол әкесінен алған хатты бұған әкесі де, өзі де ешқандай мән бермегендіктен басқа мақсат үшін емес, «шылым орауға» жарату үшін жақында Шыңғыс болысына бергенін айтты. Ибрагим Құнанбаев Көкшетаудан алған заказды хаттың конвертін сақтамаған. Жоғарыда баяндалған жайттарды осы актіге жазуға және бұған қатысушылардың қол қоюларына ұсыныс жасауга қаулы алынды. Бұл акт осында қатысқандарға оқылды және тінту кезінде Құнанбаевтан алынған хат-қағаздар салынған пакет солардың көзінше мөрлеп жабылды.

Тұпнұсқаға Семей уезі бастығы Навроцкий, Ибр. Құнанбаев, Мағауия Ибрагимов, Тұрағұл Ибрагимов, Шыңғыс болысы Ризықбай Құдайбердин қол қойды. Тінту және хат-қағаздарды алу кезінде Семей уезі басқармасының хат жүргізушісі Омарбек Оспанов қатысты.

*Сонда, 53-парап.*

Томскіден Семей губернаторына 1903 жылғы 24 апрельде жіберілген телеграмма

Құнанбаевтың хатын беру туралы бас басқарманың рұқсатын сұраймын.

*Сонда, 55-парап.*

Семей облысы әскери губернаторының Ақмола облысының әскери губернаторына 1903 жылғы 2 майдағы № 132 құпия хаты

Сіздің Хұзырыныздың осы жылғы 9 апрельдегі телеграммаңызға сәйкес, осыған Семей полицеймейстерінің осы жылғы 10 апрельдегі протоколынан көшірмені, Семей уезі бастығының осы жылғы 25 апрельдегі Шыңғыс болысындағы қырғыз Ибрагим Құнанбаевқа тінту жүргізу туралы түпнұсқа қаулысын (протоколын) және тінту кезінде Құнанбаевтан алынған хат-қағаздарды айрықша бекітілген пакетке салып жолдап отырмын. Сіздің Хұзырынызға мынаны хабарлаймын: Көкшетаудан Ибрагим Құнанбаевтың атына жөнелтілген және онда қолхат алып 7 марта тапсырылған заказды хат осы кезге дейін Семейден жіберілгеннен кейін Арқат почта-телеграф станциясында жатыр.

Семей уезі бастығының бұл хаттың иесіне берілгені және берілмегені болса, кідріте тұру туралы телеграммасына бұл айтылған почта-телеграф конторының бастығы былай деп жауап қайтарды: «Округ бастығына. Жарлық алғанға дейін ұстай тұрамын. Почта-телеграф округінің бастығына менің сол аталған хатты беру жөнінде жарлық шығаруды өтініп берген телеграммама ол осы жылғы 25 апрельде былай деген хатпен хабарлады: «Бас басқарманың бастығы № 868 телеграммамен Сіздің Хұзырыныздың өтінішін орындауга болмайды, өйткені хат-қағаздарды алу қылмыстық істер соты уставының 1035-пунктінің 368,1 және 7-ережелері бойынша жүргізіледі».

Осыларды сіздің Хұзырынызға баяндай отырып, Арқат почта-телеграф бөлімшесінен жоғарыда айтылған хатты алу туралы менде ұсыныс жасау үшін деректер жоқтығын, ондай істі көтермей отырғанымды хабарлаймын.

Ал Черманов пен Кенчиновті тінтуге келетін болсақ, бұл жөнінде жарлық әзірленген, уезд бастығынан орындау туралы хабар алынбаған.

*Сонда, 56-парап.*

Генерал-губернатор Сухотиннің Петербургтен Семей губернаторына 1903 жылғы 21 майда берген № 1003912 телеграммасы

Арқат почта конторында Кекшетаудан Қосшығұловтан Ибрағим Құнанбаевтың атына келген хат бар. Зиянды үгіттің тоқтатуына байланысты, Құнанбаевтың парасатты, түсінетін адам екенін билетіндіктен уезд бастығына немесе көмекшісіне Құнанбаев хатты алған кезде болуды және оны Сізге табыс етуді тапсыруынызды сұраймын.

*Сонда, 63-парап.*

Арқаттан Семей губернаторына 1903 жылғы 28 майда жіберілген № 40 телеграмма

Арқат бөлімшесінің бастығы округ бастығының рұқсатынсыз Құнанбаевтың хатын бермейді. Беру жайында жарлық сұраймын.

Арқат почта-телеграф бөлімшесінің бастығына.

Құнанбаевтың атына келіп, тоқтатылып қойған хатты иесіне беруді ұсынамын.

*Сонда, 64-парап.*

Семей оязының Семей облысының әскери губернаторына 1903 жылғы 1 июньдегі № 48 құпия рапорты

Откен 22 майдағы № 144 ұсынысқа сәйкес менің көзімше Ибрағим Құнанбаев Арқат почта бөлімшесінен өзінің атына Кекшетаудан келген № 802/87 заказды хатты алды және оны маған берді.

Мен пакетті ашқанымда онда қырғыз тілінде жазылған, «Бейшарабенъ-адам», яғни «мен пақыр» деген ұғым беретін қол қойылған хат бар екен, бұл хатта жазған жазу мен 25 апрельде

Құнанбаевты тінткенде табылған, Сіздің Хұзырынызға 1903 жылғы 27 апельде № 48 рапортпен жөнелтілген хат-қағаздардың ішіндегі хатты жазған жазу өте ұқсайды.

Арқатта Құнанбаевтан алынған хатты ол салынған конвертке қоса Сіздің Хұзырынызға табыс етемін.

*Сонда, 67-парап.*

Дала генерал-губернаторы кеңесесінің Семей облысының әскери губернаторына 1903 жылғы 21 июньде жолдаған № 3019 хаты

Олkenін бас бастығы мырзаның бұйрығы бойынша, Кенсе өте қысқа уақыттың ішінде Ибрагим Құнанбаевтың атына Көкшетау қаласынан Шаймерден Қосшығұловтан Арқат почта-телеграф конторы арқылы жіберілген хатты алуды туралы іс бойынша Дала генерал-губернаторының 1903 жылғы 21 майдағы № 356 телеграммасы жөнінде не істелгенін хабарлауды өтінеді.

*Сонда, 72-парап.*

Дала генерал-губернаторының кеңесесіне губернатор міндетін атқарушы Ницкевичтің 1903 жылғы 10 июльдегі жолдаған № 169 хаты

Осы жылғы 21 июньдегі № 3019 хатынызға жауап ретінде Кеңсеге мынаны хабарлаймыз: Ибрагим Құнанбаевқа Арқат почта-телеграф станциясы арқылы жөнелтілген Шаймерден Қосшығұловтың хатын Құнанбаев Арқатқа командировкаға келген Семей уезі бастығына өз еркімен берді. Конвертіне қоса бұл хатты мен осы жылғы 3 июньдегі № 151 қатынас қағазымен Ақмола облысының әскери губернаторына жолдадым.

*Сонда, 73-парап.*

Дала генерал-губернаторы Сухотиннің 1903 жылғы 1 августағы жолдаған № 124 хаты

Мархабатты тақсыр, Николай Федорович.

Сіздің Хұзырыныздан менің Кеңсеме биылғы 10 итільде жолданған № 169 Шәймерден Қосшығұловтың қырғыз Ибрагим Құнанбаевқа жіберген хаты жөніндегі қатынас қағаздан Құнанбаевтан осы аталған хатты тартып алу үшін өзініз жұмсаған Семей уезінің бастығы Навроцкийдің бұл тапсырманы әбден ойдағыдай орындағанын ескере отырып, Сізден Коллегиялық Кеңесші Навроцкийге менің алғысымды жариялауынызды өтінемін.

Сонымен бірге Сіздің Хұзырыныздан Құнанбаевтың жеке өзі жөнінде мүмкіндігінше толығырақ мағлұматтар жинап, маған жеткізуінді сұраймын.

*Өзінізді құрметтеуші Николай Сухотин.  
Сонда, 74-парап.*

Ницкевичтің И.С. Навроцкийге 1903 жылғы 22 августа жолдаған № 197 хаты

Мархабатты тақсыр, Иван Станиславич

Өлкө бастығы мырза, менің жазған хатымнан Петропавл қаласынан Қосшығұловтың қырғыз Ибрагим Құнанбаевқа жолдаған хаты жөніндегі Сізге өзім айтқан тапсырманы ойдағыдай орындағанынызды біліп, менен Сізге Оның Хұзырының алғысын жариялауды сұраған.

Өзіме жүктелген тапсырманы шын көніліммен орындал, Сізден шын құрметімді қабылдауынызды өтінемін.

*Сонда, 75-парап.*

Губернатор кенсесінің Семей оязына 1903 жылғы 22 августа жолдаған № 200 хаты

Өлкө бастығының талап етуі бойынша Сіздің Хұзырыныздан Шыңғыс болжысының қырғызы Ибрагим Құнанбаевтың жеке өзі туралы мүмкіндігінше толығырақ мағлұматтар жинап, маған табыс етуінізді сұраймын.

*Сонда, 76-парап.*

Семей оязының Семей облысының әскери губернаторына  
1903 жылғы 26 августа жолдаған № 48 құпия рапорты

1903 жылғы 22 августа № 200 ұсынысының жайында Сіздің Хұзырының Шыңғыс болысының қырғызы Ибрагим Құнанбаевтың жасы 60-та екенін, 3 әйел барын, олардан 20-та жуық балалары барын, 1000 жылқысы мен 2000 қойы барын, оның өте білімді және ақылды адам екенін, Шыңғыс болысы болып 2 рет үш жылдан және үш рет үш жылдан істегенін, сонсон бір рет 3 жыл бойына үкіметтің тағайындауы бойынша Мұқыр болысы болып істегенін хабарлаймын. Құнанбаевтың қызметінде парасаттылық пен жігерлілік, үкіметке берілгендердік және ұлтшылдықтың жоқтығы көзге түсті. Мысалы: Құнанбаевтың бір ұлы Михайловск артиллерия училищесінің курсын аяқтағаннан кейін офицерлер қатарына косылды, Түркістан округінде қызмет атқарып жүріп қайтыс болды, қызы қырғыздар интернатында оқып, оның курсын аяқтады, қазір қүйеуде. Қалған ұлдарының бәрі орысша сөйлеп, жаза алады, оларды әкесінің өзі оқытады. Құнанбаевтың өзі кітаптар, газеттер мен журналдар алдырады, орыс әдебиетіне ынта қояды. Бұрынғырақта Семей уезіндегі және көршілес уездердегі қырғыздардың арасында Құнанбаевтың беделі өте зор болды, бірнеше рет «Төбе би», яғни болыстар арасындағы дауларды шешуші болып сайланды, бұл қырғыздар арасында ең жоғары құрмет болып саналады және сайланған судьяның адалдығына сенім көрсетіледі. Қазір Құнанбаевтың беделі бұрынғысындағы күшті емес, ол қартайған, іске араласпайды, тыныш та жайлы өмір сүруде, тікелей өзіне қатысы жоқ істерге өте сақтықпен қарайды, яғни өз болысында да, сондай-ақ көрші болыстарда да ешқашанда партияларды басқаруға бармайды, ал партиялардың басшылары онан кенес сұрайды. Саяси жағынан алғанда, мен оны ақылды адам деп, фанатик емес деп санаймын, мұсылман билептөстөшілерінің қарастарларынан сенуге болатын адам деп санаймын. Өзімен әңгімелескен кезде Құнанбаев өз пайымдауларында мемлекеттік мүдделерді толық түсінетінін

және Россияның Азиядағы иемденуіндегі жерлерде мәдениетті қызмет атқаруына дұрыс көзқарасын көрсетті, фанатик мұсылмандардың үкіметке қарсы әрекеттерін ашу-ызамен айыптады. Жалпы алғанда Құнанбаевтың өзі саяси тұрғыда ешқандай қауіп тудырмайды.

*Сонда 85-96- паралл.*

Істің 88-89 параллардағы Семей облысының әскери губернаторының Дағындаған № 206 құпия хаты да нақ осы мазмұнда.

Семей губернаторының Семей оязына 1903 жылды 7 ноябрьде жолдаған № 254 хаты

Үстіміздегі жылды 25 апрельде Ибрагим Құнанбаевты тінтікенде Сіздің алған және биылғы 25 августағы № 48 рапортқа қосып берген хат-қағаздар бір хаттан басқасы (сірә, Көкшетау қаласынан келген) семья ішінде жазысқан хаттар болып шықты (сол хат «Ассалаумагалейкүм. Аса құрметті де қадірмен Ибраїм мырза» деген сөздермен басталып, татар тілінде жазылған). Қазір тексеру жүргізіп жатқан іспен байланысты деп алынған бұл хатты басқа да хат-қағаздармен бірге иесіне беру үшін Сіздің Хұзырынызға жіберіп отырымын.

*Сонда, 94-парал.*

Ақмола облысы әскери губернаторының Семей облысының әскери губернаторына 1903 жылғы 28 октябрьде жолдаған № 2176 құпия хаты

1903 жылғы 2 майдағы № 132 хабарға қоса жіберілген пакет және менің жанымдағы айрықша тапсырмалар жөніндегі кіші чиновник Яхонтовтың жасаған протоколының көшірмесі тиісті жарлықтар беру үшін жөнелтіліп отыр.

*Сонда, 95-парал.*

## Көшірме

### Протокол

Семей әскери губернаторы мырзаның 1903 жылғы 2 майдағы № 132 хабарына қосылған, қырғыз Ибрагим Құнанбаевты және Шыңғыс болысы Рызықбай Құдайбердинді тінткен кезде табылған хат-қағаздар салынған айрықша пакетті қараған кезде «Ассалаумағалейкүм, аса құрметті де қымбатты Ибраім мырза» деп басталатын, татар тілінде жазылған конвертсіз хат табылды. Хаттың ортасында «халық өкілдік берген сайланған адамның сенімі көрсетіледі деп, біздің шаригат бойынша сенімізді қорғау жөнінде ұсыныс жасауға право беріледі» дей келіп, хат былай аяқталады: «Ақмола облысының Көкшетау қаласында «Зиету немесе Зияда» қырғыздар мешітінін жаңындағы мектепке «нақ сол жерден біз алатын боламыз». Қырғыз халқын дүрліктіруді көздеңен насиҳатқа бұл хаттың қатысы бар деп тауып, мен оны № 132 пакеттен алуды, ал қалған хат-қағаздарды семья ішінде жазысқан хаттар ғана деп санадым. Тұп нұсқаға айрықша тапсырмалар жөніндегі чиновник Яхонтов және аудармашы міндетін атқарушы И. Безверхов қол қойған.

Сонда, 96-нарақ,

Республикамыздың Орталық Мемлекеттік архивінде сакталған осынау документтердің мәнісін түсіну үшін Көкшетаудан әр тараپқа хат жазып, полицияны дүрліктіріп жүрген Қосшығұлов кім? Көкшетау, Ақмола, Омбы, Петербург, Семей арасындағы дүбір туғызып, «Шыңғыс болысының қазағы Ибрагим Құнанбаевтың» атын шулатып өзін тыңшылық жолмен тергеуге душар етіп, ауылында, үй ішінде патша ұлығының тінту жүргізуіне, Абай мен оның балаларынан, болыс Ризықбайдан жауап алуына себепші болған жұмбақ хат неғылған хат? Ол хат бар ма, бар болса, айтары не? Бұл дүрлігістің ақыры немен тынған? Архив қоймасында сактаулы бұл документтерден сол кезенге байланысты, Абайға қатысты нендей тұжырымдар жасауға болар еді? Әлбетте, мұның бәрі абайтану ғылыминың, Абай дәүірін,

Абай өмірі мен творчествосын түбегейлі зерттеушілердің еншісі болуға керек. Ал, біз, архив мекемесінің қызметкерлері, архив қоймасында сексен жылдан астам жатқан осынау документтерді жүртшылық назарына, әсірессе зерттеуші ғалымдар игілігі үшін жарыққа шығара отырып, кейбір топшылау толғамдарды айта кетуді мақұл көреміз.

Архив документтерінің мазмұнына қарағанда, өткен ғасырдың 90-жылдарының аяқ кезінде, ғасырымыздың бас кезінде қазақ өлкесін үйсінде берік ұстау үшін оны басқару жөніндегі патша үкіметі жана тәртіппер енгізіп, бұның бір ұшығы дін мекемелері мен мектептерді де қамтыған. Петропавл, Көкшетау, Павлодар өнірінде мешіттер жабылып, молдалардың мұсылман дінінің заны – шаригат жолымен қызмет атқаруына тыйым салынған. Мұндай әрекеттер кезінде ел ішінде едөүір дүмпү туғызып, Омбы мен Петербургке дейін арыз-шағымдар көбейген.

Мәселен, 1903 жылы Көкшетау уезінен Петербургке Ішкі істер министрінің атына жолданған бір арызға былай деп жазылған: «...енди 1901 жылдан бері тыныштықтан айрылдық, пәлеге душар болдық. Мұның себебі, аталмыш жылдың 19 сентябрь күні Троицкий дейтін ояз Көкшетау өніріндегі жеті болыс елдің болыстары мен билерін съезге жинап алышп, мынадай жарлық оқыды, «сендер, қырғыздар, бұрын мұсылман дінінің заны – шаригат бойынша өмір сүріп келген едіңдер, мұның езі әбден ескірген устав... Енді шаригат занын уағыздаушы молдалар жауапқа тартылады, бұдан былай билер бата береді, старшындар неке кияды» дегенді айтты. Мұны естіген қырғыз халық күніреніп кетті...» (Қазақ ССР ОМА, 64-қор, 1-тізім, 938-ic, 137-парап.)

Ішкі істер министрлігінен тартып, губернатор, ояз, крестьянский начальник сиякты алуан шенде патша ұлықтары ел ішінен бас көтерген мұндай үнгे өте-мәте үрке қараған, өкімет орындарының жана тәртібіне қайшы әрекеттер жасап, қарсы пікір айтушыларды қуғындаш қатаң жазалап отырған. Қалың қазақ жүртінің тіршілігі мен тағдырына қатысы бар қысталан шақта ел ағасы деп санап Семейдегі Абайға почта арқылы хат жолдаушы осында патша әкімдерінің қыспагына қарсы үн

көтерген – Көкшетау мешіті жанындағы интернат мұғалімі Шәймерден Қосшығұлов.

Полиция Көкшетау мешіті жанындағы интернаттан, оның шәкірттерінің қолынан гектографқа басылған, арабша жазылған жүзден астам қолжазба кітапшалар тауып алған. Осыған байӨланысты Көкшетау мешітінің молдасы Наурызбай Таласов пен оның көмекшісі, интернат мұғалімі Шәймерден Қосшығұловты абақтыға жауып, тергеуге алған. Ибраһим Құнанбаев есімінің полиция тізіміне ілгіп, тергеуге, тінтуге душар болып жүргені нақ осы Қосшығұлов ісіне байланысты. Көкшетау молдасы Наурызбай Таласов, оның көмекшісі, мешіт жанындағы интернат мұғалімі Шәймерден Қосшығұлов және басқа болыс, би, молдалар патшалық Россияның отаршылдық озыры саясатына қарсы сол кезде қазақ қауымы ортасында белен алған азатшыл, демократияшыл үнді тұтас қазақ өлкесін қамтитын дербес діни үйім құрып, оны мұфтиға бағындыру дейтін панисламистік ұранға қарай жетектеуді көздеген. Өз қимыл-әрекеттерінің пәрменділігін, ықпалын арттыру үшін олар Ибраһим Құнанбаев сияқты жалпақ қазақ жүртynа құрметті, беделді адамдарға да иек артқысы келеді.

Архив документтеріне зер сала қарасақ, қазақ жүртynың сол кезеңдегі саяси-әлеуметтік ахуалы, жеке адамдардың қоғамдағы орны мен праволары, патша әкімдерінің құлық-әрекеті жайлы әралуан пікір түйіндеуге болады. Бұл деректердің өте-мөте құндылығы Абайдың өз заманындағы қоғамдық ролі, тек Шыңғыс өнірі ғана емес, байтак қазақ өлкесінің алуан түкпіріне атак-данқы жеткен ел ағасы есебіндегі беделі жайында қуәгер деп бағалауға болады. Патша үкіметінің әкімшілік органдарының іс қағаздарына топтасқан осынау бір шоғыр документтерінің ішінде, біздіңше, өте-мөте екі документтің мазмұны алабөтен қымбат, берер мағлұматы бағалы екені даусыз. Біріншісі – Семей облысы әскери губернаторының 1903 жылғы 23 сентябрьде жазған Ибраһим Құнанбаев жайлы сипаттамасы десек, екіншісі Семей уезі бастығының сол жылғы 25 апрельде Абай аулында қолма-қол жазған қаулысы дер едік. Соңғы документтің мазмұны-

мен қоса біз үшін де, болашақ үшін де өте-мөтө қасиетті ыстық бағаланатын және бір айрықша сипаты – онда атақ-данқы, асыл мұрасы заманнан замандарға асқақтай көтерілген занғар Абайдың, дана Абайдың «Ибр. Құнанбаев» деп орысша жазған өз қолтанбасының сақталғанында. Бұл қолтанба «Орыстың ғылыми, өнері – дүниенің кілті... барынды салсаң да балаңа орыстың ғылымиң үйрет» деп өсiet айтқан Абайдың, Пушкин, Лермонтов, Крылов шығармаларын сүйіп оқып қана қоймай, ең алғаш қазақшаға аударып, қазақ сахараасына таратқан Абайдың, өз кезінде орыс тілінде шығып тұрган көптеген газет-журналдарын жаздырып алғып оқыған Абайдың өз басының орысша сауаты, орысша әріптерді әліптеу мәнері жайында бұлтартпас дәлел болатын тарихи, ғылыми баға жеткісіз дерлік айғақтың бірі десек артық айтқандық болмайды.

Ал жоғарыда атаптап губернатор кенсесінің ресми мінездемесі Абайдың тіршілік қалпы, кәсібі, қызметі, ел ішіндегі алар орны, өмірге көзқарасы, семья жағдайы, балаларының тәрбиесі мен сауаты жайлы мағыналы мағлұматтар береді. Архивте сақталған осы және басқа нақты документтерді ақынның шығармаларымен қабыстыра қараған кезде «соқтықпалы, соқпақсыз кезде өскен», «мыңмен жалғыз алысқан», «қазағым, қалың елім, кайран жұрттым» деп толғанған азамат ақынның шиыр-шырғаланы қат-қабат өрелі өмірінің өзекті соқталары сулеменіп шыға келеді.

Бұл документтен Абайдың әр нәрсенің ұшығына жетпей жатып шешім қабылдамайтын сақ әрі сабырлы мінезі, қынқыстау, тар жерде де сырбаз мінез танытып, оңды, ұтымды жол таба билетін, сергек те тапқыр ақылы, калың қауым, қоршаған орта, лауазымды шен-шекпенді адамдар арасында да, ағайынтуыс айналасы мен балаларының алдында да риясyz беделді, айбынды қияпаты көрініс береді. Абайдың өз кіндігінен туған бел балалары Тұрағұл мен Мағаяния сөздері мен әрекеттері де, «әке көрген оқ жонар» демекші, онтайлы, көнілге қонымды: сасқалақ, ұшқалақ емес, үрейшіл, ынжық емес, ел қадірлеген әкеге лайық тәлім-тәрбие алған азамат нышанын аңдатады.

Архив документтеріне қарағанда, Көкшетаудан белгісіз адамнан Абай атына екі хат келгені байқалады. Біріншісі – әлгі 25 апель күні ояз тінту жүргізіп, Ризықбай болыстың қалтасынан тауып алған хат. Бұл кезде, полиция тұтқындаған Қосшығұловтан табылған квитанция бойынша дерегі мәлім болған 7 марта Көкшетаудан жіберілген екінші хат Абайдың қолына әлі жетпеген, Арқат почта-телеграф кенесінде «тұтылып» жатқан. Бұл хатты кейіннен Семей оязының өзі әдей ілесе келіп, көзбе-көз қарап тұрғанда табыс етіліп, Абай оны оқып шыққан соң конвертімен қоса оязға қолма-қол берген. Ал бірінші хаттың конверті, Абайдың айтуынша – «сақталмаған», жоғалған. Архив документтерінің ішінен бірінші хаттың арабша жазылған түпнұсқасы да, тілмаш аударған орысша нұсқасы да әлі күнге таптырмай жүр. Ал екінші – Абайға Семей оязының көзінше табыс етілген хаттың орысша аударылған нұсқасы қолда. Оның қазақшаға тәржімалагандағы мазмұны мына төмендегідей:

«Ассалаумағалейкум.

Жоғары мәртебелі, аса құрметті, жұрт ардақтайтын Ибраһим мырза.

Сізге Ақмола облысының барша 5 уезінің қадірмен адамдарының атынан өкілдік алып жазып отырмын.

Мұндағы қазақ халқының мұқтаждық хал-жағдаяты 15 майдан әрмен қарай мағлұм болмақшы, өйткені жиналған малды сатуға тұра келеді.

Халық қамкоршысы ретінде Сізден еш хабар-ошар ала алмадық, ал Сізден әлдекайда шалғайда жатқандар хабар беріп тұр. Жетісу облысында болатын кенесті күтуліміз, әмбे тері-тересек сатылатын Семей жәрменекесінің өтетін мерзімін күтіп жүрген жайымыз бар; мерзімі әлі бұрынғыдай, жәрменекеден қазаққа келер пайда да шамалы, бұл жағын жүрттың бәрінен де өзініз жақсы білсөніз керек-ті.

Баяғы дәурен өтті де, өлеңтін заман жетті де. Барлық жайжапсарды ай-тып, ақылдасуға болар еді, амал не, қазақтың мұддесін шағып ойласуға кедергі жасап тұрғой.

Хатты мына адреске: Көкшетау қаласы, қазақ мектебі, Абдулла Зиядұға тисін деп әдепкі жолмен жіберсөзіз аламыз. Хат жазушы мына мен пақыр өлі де көп нәрсе жазар едім, әзірше үндеместен осымен тәмам етейін.

1903 жылдың 6 март

Бұл хаттан, сондай-ақ жоғарыда келтірілген документтерден туатын қорытынды – Абай тұған өлкесінде болып жатқан өз заманындағы оқиғалардан есте шет қала алмаған, қайта байтак қазақ елінің алуан түкпірінде әрқылы топтың өкілдері оны ел қамын ойлайтын, қалың елге мұратты жол нұсқайтын сұңғыла ақылшы, ақ ниет қамқоршы есебінде қараған.

Еліміздің орталық архивтерінен соңғы кезеңде табылып жүрген Абайдың Сенатқа хаты («Қазақ әдебиеті», 1981 жылдың 24 априельдегі санын қараныз), 1876-1878 жылдардағы орыс-турік соғысы кезінде жазған ашық хаты («Қазақ әдебиеті» газеті, 1963 жылдың 16 август) тәрізді документтердің белгілі қойғанда, республикамыздың орталық мемлекеттік архивінде әр түрлі істердің құрамында жүрген, жоғарыда келтірілген нақты деректерге қарағанда, Абайға байланысты архив деректері қыруар да, ақын өмірін зерттеушілер үшін қызығылқты да мағыналы екенін көрсетеді. Бұлар халқымыздың ұлы перзенті Абайға тікелей қатысты архив документтерінің басы да, соны да деп қарауға есте болмайды.

Түбебейлек іздеушісі, зерттеушісі келиссе, республикамыздың архивінен де, Ленинград пен Москваның, Омбы мен Ташкенттің, басқа да қалалардың архив қазыналарынан да әлі де талай-талай құнды да мәнді документтер табылары көміл. Бұл істе, әсіресе Қазақ ССР Ғылым Академиясының әдебиет және өнер институты белсенділік көрсетуі қажет-ақ.

Абай творчествосын зерттеу, талдау, халыққа таныту, тарату жөнінде қыруар іс тындырылғанын, Абай өмірбаянының ғылыми желісін түзу жөнінде кезінде Мұхтар Әуезов баға жеткісіз зор еңбек атқарғанын мойында тұрсақ та, Абай өмірін ғылыми түрғыдан, нақты документтер негізінде түбебейлек зерттеу шын мәніндегі ғылыми өмірбаянын тиянақтау ісі әлі күн тәртібінде түрған борыш деп ұғуымыз ләзім.

## ТҮСІНІКТЕР

1. Кенжебаев Б. Абай Құнанбайды / Кенжебаев Б. Баспасөз бетінде жарияланған: Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері (мақалалар жинағы). – Алматы: Ғылым, 1973. – 61-90-беттер; Абай институтының вебсайты.
2. Мырзахметов М. Абай өмірбаяны – абыттанудың іргелі саласы. Баспасөз бетінде жарияланған: Мырзахметов М. Мұхтар Өуезов және абыттану проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1982. – 12-27-беттер; Абай институтының вебсайты
3. Қасқабасов С. «Ескендір» поэмасының сюжеттік негізі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 224-237-беттер; Абай институтының вебсайты.
4. Магауин М. Абайдың белгісіз әңгімесі. Баспасөз бетінде жарияланған: Магауин М. Шығармалар жинағы. Он үш томдық. Онының том: Ой, толғамдар. – Алматы: «Қағанат-ФМО» баспасы, 2002. – 76-92-беттер.
5. Елеуекенов Ш. Абайдың эпистолярлық романы. Баспасөз бетінде жарияланған: Пушкин – Абай және қазақ әдебиеті: халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. – Алматы: Unique Service, 2006. – 49-60 б., Абай институтының вебсайты.
6. Сыздыкова Р. Абай тілінің зерттелуі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 324-344-беттер; Абай институтының вебсайты.
7. Ысқақов А. Абай және қазақ әдеби тілі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 305-324-беттер; Абай институтының вебсайты.
8. Әлімкүлов Т. Жұмбақ жан (үзінді). Баспасөз бетінде жарияланған: Әлімкүлов Т. Жұмбақ жан. Әдеби-сын зерттеу. – Алматы: Жазушы, 1993. – 3-24-беттер; Абай институтының вебсайты.
9. Әшімбаев С. Ақын жаңын жабырқатқан жайлар. Баспасөз бетінде жарияланған: Әшімбаев С. Екі томдық шығармалар жинағы. Екінші том. Әдеби сын. – Алматы, 2007. – 91-112-беттер; Абай институтының вебсайты.
10. Ысмағұлов Ж. Абай аудармаларындағы Пушкин. Баспасөз бетінде жарияланған: Пушкин – Абай және қазақ әдебиеті. – 61-68-беттер; Абай институтының вебсайты.
11. Байжанов С. Абайға қатысты кейбір архив деректері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 403-403-425-беттер; Абай институтының вебсайты.
12. Әбетов Ф. Абай шығармаларында би-болыс, ояз-бастықтардың сатириалық типтері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчествосы. Мақалалар жинағы / ред. басқ. М. Ақынжанов және З. Ахметов. – Алма-Ата: ҚазССР ҒА баспасы, 1954. – 143-161-беттер; Абай институтының вебсайты.

13. Нарымбетов Ә. «Сегіз аяқ» – Абай поэзиясы көркемдігінің шырқау шыны. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті: Республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы: М. Өуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының баспа орталығы. – 2007. – 83-88-беттер; Абай институтының вебсайты.
14. Бельгер Г. Абай мен Гете. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 173-194-беттер; Абай институтының вебсайты.
15. Фабдулин Н. Абай сөзді бұлай саптамаса керек. Баспасөзде жарияланған // Егемен Қазақстан. – 1993. – 19 қазан; Абай институтының вебсайты.
16. Егеубаев А. Адамшының алды – ар, ақыл. Баспасөз бетінде жарияланған: Аскар Егеубаев. Кісілік кітабы (ғылыми эссе). – Алматы: Ана тілі, 1998. – 202-218 беттер; Абай институтының вебсайты.
17. Майтанов Б. Абай тұлғасының ерекшелігі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай институтының хабаршысы. – 2010. – №4; Абай институтының вебсайты.

## **МАЗМҰНЫ**

Кенжебаев Б. Абай Құнанбайұлы .....	3
Мырзахметов М. Абай өмірбаяны – абайтанудың іргелі саласы .....	22
Қасқабасов С. «Ескендір» поэмасының сюжеттік негізі .....	37
Магауин М. Абайдың белгісіз әңгімесі .....	51
Елеуkenов Ш. Абайдың эпистолярлық романы .....	68
Сыздыкова Р. Абай тілінің зерттелуі .....	79
Ысқақов А. Абай және қазақ әдеби тілі .....	101
Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан .....	121
Әшімбаев С. Ақын жаңын жабырықатқан жайлар .....	140
Ысмагұлов Ж. Абай аудармаларында Пушкин .....	162
Байжанов С. Абайға қатысты кейбір архив деректері .....	170
Әбетов Ф. Абай шыгармаларында би-болыс, ояз-бастықтардың сатиравы .....	193
Нарымбетов Ә. «Серіз аяқ» – Абай поэзиясы коркемдігінің шырқау шыны .....	213
Бельгер Г. Абай мен Гете .....	217
Ғабдуллин Н. Абай сөзді булай саптамаса керек .....	240
Еғеубаев А. Адамшылық алды – ар, ақыл .....	249
Майтанов Б. Абай тұлғасының ерекшелігі .....	267
Түсініктер .....	276

Оку басылымы

**АБАЙТАНУ  
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР  
IV том  
Ойлар мен толғаныстар**

Кұрастырып, түсініктерін жазғандар:  
П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *K. Мұхадиева*  
Компьютерде беттеген *Y. Әбдіқайымова*  
Мұқабасын безендірген *K. Өмірбекова*

**ИБ№8879**

Басуга 22.12.15 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.  
Көлемі 17,0 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыш. Тапсырыс №1509.  
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.  
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.